

**Книсарина Малика Максатовнаның**  
**БД010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі**  
**мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін**  
**ұсынған «Кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін**  
**қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**АННОТАЦИЯСЫ**

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Бүгінгі таңда қоғамның барлық салаларының қарқынды дамуына білімнің ықпалының басымдығына сәйкес білім беру жүйесінен дәстүрлі білім беру тәжірибесін өзгерту мен білім алушылардың құзыреттілігі басым тұлғасын қалыптастыру талап етілуде.

Соның ішінде орта білім беру жүйесінің мемлекеттің, ұлттың зиялы қауымының дамуына ықпалы басым болатын болса, ал оның негізгі қоры бастауыш мектептен басталады. Осыған байланысты бастауыш білім беру алдында сыни және шығармашылық ойлауға, өз бетімен білім алуға ұмтылатын, өз іскерліктерін тәжірибелік іс-әрекетінде қолдана білетін және өзіндік оқу іс-әрекетін басқара алатын оқушының белсенді тұлғасын қалыптастыру талабы қойылған.

Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында оқушылардың білімді меңгеруде нәтижеге бағытталған жекелік өзін-өзі дамытуы мен дербестігін қамтамасыздандырудың атап өтілуі біздің ойымыздың жарқын дәлелі бола алады.

Сондай-ақ ҚР жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандартында да (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) қазіргі білім берудің маңызды басымдықтары қатарында кіші мектеп жасы оқушыларының танымдық іс-әрекеттеріндегі дағдыларын, жалпы оқу іскерліктерін, ең бастысы басқару біліктерін дамыту қажеттілігі көрсетілген.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартудың негізі мақсаттарының бірі болып жеке өзінің іс-әрекетін, уақытын, өмір сүруін басқаруға қабілетті, өзін-өзі дамыта алатын тұлғаны қалыптастыру табылады. Демек, бастауыш білім беру саласында кіші мектеп жасы оқушыларын оқудың субъектісі тұрғысынан қарастыру басты міндеттер қатарына шығады. Осыған орай оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыруды зерттеудің көкейкестілігі арта түседі.

Мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеу теориясы мәселелері қазақстандық ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, оқушының біртұтас педагогикалық үдерістің субъектісі тұрғысынан (Г.Г. Алимухамбетова, Н.Н. Хан және т.б), оқушы тұлғасының дамуы (Ж.И. Намазбаева және т.б), оқушы тұлғасының қалыптасуындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың ролі (А.А. Бейсенбаева,

С.А. Ұзақбаева және т.б.), оқушының саяси әлеуметтенуі (К.К. Жампеисова, И.М. Кузьменко), оқушыларға адамгершілік, экологиялық және экономикалық тәрбие беру (Г.К. Барлыбаева, Е.З. Батталханова, А.Е. Манкеш, К.Ж. Аганина және т.б.), оқушылардың танымдық іс-әрекеті (Ж.А. Караев, Г.Е. Әлмұхамбетова және т.б.) терең зерттелген.

Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен оқытуға арналған зерттеулерде олардың эстетикалық және еңбек тәрбиесі (С.Н. Жиенбаева, Ш.О. Салимбаева және т.б.); шығармашылық қабілеттерін дамыту (А.С. Амирова, Б.А. Тұрғынбаева, Н.Г. Лукьянец және т.б.); танымдық, әлеуметтік белсенділігін дамыту (А.К. Аренова, Е.В. Чердынцева, Н.Б. Жиенбаева, Т.А. Кокумбаева, Ж.А. Жусупова және т.б.); тілдерді оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері (А.Е. Жұмабаева, С.Р. Рахметова және т.б.), экологиялық тәрбиесі (А.Б. Айтжанова, К.А. Аймагамбетова, Е.В. Мусихина, З.Е. Сыдыкова, З.Ш. Шавалиева және т.б.); мәселелері терең зерделенген.

Бастауыш мектеп мұғалімдерінің даярлығы мәселесі де зерттеуден тыс қалмаған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дидактикалық даярлығының негіздері (Р.К. Бекмағамбетова, Ұ.М. Әбдіғапбарова, А.С. Мағауова, Э.Уайдұллақызы және т.б.); оқушылардың оқу-танымдық біліктерін қалыптастыруға (М.И. Есенова), танымдық іс-әрекеттерін басқаруға (Ж.Ж. Айттаева, О.В. Корягина), танымдық жекелігі мен қызығушылығын қалыптастыруға (С.С. Жұмашева, Н.И. Виноградова), инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмысқа (И.И. Оралқанова), басқарушылық іс-әрекетке (А.Жунусбекова) мұғалімдердің даярлығы қарастырылған.

Біздің зерттеуіміз үшін қызығушылық тудыратын оқушылардың басқарушылық дағдыларын, біліктерін дамыту мен қалыптастыруға арналған еңбектер де жоқ емес. У.С. Абдукаримованың зерттеуінде оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту қарастырылса, Б.А. Қойшибаев еңбегінде танымдық іс-әрекеттерін басқару көрініс тапқан. Н.Л.Росина кіші мектеп жасындағы оқушылардың өзін-өзі реттеуін қалыптастыруды зерттесе, Н.А. Викина оқу еңбегін тиімді ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыруды, А.А. Свирин оқушылардың басқару іскерліктерін дамытуды, А.Д. Батомункуева басқару құзыреттілігін, И.В. Завойская ойын менеджменті арқылы оқушыларды басқарушылық іс-әрекетке даярлау мәселесін негіздеген.

Жоғарыда көрсетілген әдебиеттерді, білім беру саласындағы жалпы еуропалық және ұлттық құжаттарды талдау нәтижесі білім алушылардың «өмірдің барлық ағымында оқу» тұжырымдамасының жүзеге асырылуында субъектілікке айналу қажеттілігі, оқу мотивациясын дамыту, ең бастысы білім беру тракториясын құруына ықпал ететін өзінің іс-әрекетін жеке басқаруын қалыптастырудың маңызды екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ, әдебиеттерді талдау басқару біліктерін қалыптастыру мен дамыту формалары мен әдістері әртүрлі екендігін, бірақ олардың

барлығының бірдей бастауыш білім беру ортасына қолдануға бейім еместігін, кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру мәселесінің қарастырылмағандығын көрсетті.

Оның үстіне бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың бүгінгі тәжірибесі кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу мен басқаруда өздерінің оқу іс-әрекетінің негізгі құзыреттіліктерінің қалыптаспауы себепті олардың оқу еңбегін жеке ұйымдастыруға дайын еместігін көрсетіп отыр.

Осы айтылғандар бүгінгі практика мен ғылым арасында мынадай **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін айғақтайды

- өзінің іс-әрекетін басқаруға қабілетті бастауыш мектептің табысты бітірушісіне қоғам мен мемлекеттің сұранысы мен олардың басқару біліктерін мақсатт қалыптастыру тетіктерінің ғылымда жеткілікті негізделмеуі арасында;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыруға мектептің мүмкіндіктерінің жоғарылығы мен олардың практикада жеткілікті жүзеге асырылмауы арасында;

- кіші мектеп оқушыларының басқару біліктерін қалыптастырудың бағдарламалық және оқу-дидактикалық құралдарына педагогтардың қажеттіліктері мен аталған құралдардың жасалмағандығы арасында.

Аталған қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру зерттеу проблемасын анықтайды және бізге диссертация тақырыбын **«Кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру»** деп таңдауымызға себеп болды.

**Зерттеудің мақсаты:** кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және оның модульдік бағдарламасы мен әдістемесін жасау, эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің нысаны:** бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісі.

**Зерттеу пәні:** кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер* кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың ғылыми-негізделген құрылымдық-мазмұнды моделі мен әдістемесі жасалса және олар бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісінде мақсатты бағыттылықпен жүзеге асырылса, *онда* кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу жетістіктері жоғарылайды, *өйткені* олардың басқару біліктерінің қалыптасқандығының мәнді деңгейі қамтамасыздандырылады.

Зерттеу проблемасына, нысанына, пәні мен мақсатына сәйкес мынадай зерттеу **міндеттері** қойылды

- «кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктері» ұғымының мәнін анықтау;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың құрылымды-мазмұнды моделін жасау;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың модульдік бағдарламасының мазмұны мен оның әдістемесін жасау;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың модульдік бағдарламасы мен әдістемесінің тиімділігін мектеп жағдайында эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы** кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың модульдік бағдарламасы мен әдістемесінің жасалуымен және жүзеге асырылуымен қамтамасыздандырылатын үдеріс негізінде олардың оқу мотивациясы, оқу-тәрбие үдерісіндегі белсенділігі мен жетістіктері айтарлықтай көтеріледі.

**Зерттеудің әдіснамалық негіздері:** біліктер мен дағдыларды қалыптастырудағы іс-әрекеттің жетекші рөлі, танымдағы теория және практиканың бірлігі туралы ілімдер; басқару мен тайм-менеджмент идеялары (Л. Альберти, К. Меллер, Ф.У. Тейлор); дамыта оқыту мазмұны мен технологиялары туралы теориялар (В.В. Давыдов, А.В. Занков, Д.Б. Эльконин); ақыл-ой әрекеттерін кезеңдермен қалыптастыру туралы теориялық тұжырымдар (П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина); біліктерді дамыту мен қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық теориялары (М.Ж. Жадрина, О. Салимбаев, С.К. Нашарипова және т.б.).

#### **Зерттеудің әдістері**

- теориялық (философиялық, әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертацияларды, мерзімдік ғылыми басылымдарды, зерттеу жұмысының мәселесі бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды зерттеу және талдау; талдау жасау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, модельдеу);

- эмпирикалық әдістер (бақылау, сауалнама, тестілеу, айқындаушы, қалыптастырушы, бақылау эксперименті, зерттеудің нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу, зерттеу нәтижелеріне мазмұнды талдау жасау).

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі**

- «кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктері» ұғымының мәні анықталды;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың құрылымды-мазмұнды моделі жасалды;

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың модульдік бағдарламасының мазмұны мен оның әдістемесі жасалды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:** «Кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың» модульдік бағдарламасы жасалды және бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде мақұлдаудан өткізілді

- кіші мектеп жасындағы оқушыларға арналған «Кіші мектеп жасындағы оқушының өзіндік менеджменті» факультативі (модуль 1);

- кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыруға мұғалімнің психологиялық-педагогикалық даярлық деңгейін көтеру бойынша бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған «Білім беру менеджменті негізінде оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру» курсы (модуль 2).

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар.**

1 Кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктері – жекелік оқу іс-әрекетін басқару мүмкіндігін қамтамасыздандыратын және мотивациялық, когнитивтік, операциялдық (мақсатты болжау, жоспарлау, мақсатты орындау, бақылау және бағалау) компоненттерін қамтитын тұлғаның кіріктірілген сапасы. .

2 Бастауыш мектеп жағдайында кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру *мақсатты* (әлемдік білім беру кеңістігіндегі жалпы жүйелік мақсаттар мен қазіргі оқушының құзыреттілігіне қойылатын нормативті талаптардың үйлесімділігі); *әдіснамалық* (кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың жалпы тәсілдері, базалық ұстанымдары мен қағидалары); *құрылымдық-мазмұнды* (басқару біліктерінің өзіне тән ерекшеліктері мен олардың қалыптасқандығының деңгейін айқындайтын диагностикасының сыни-бағалау жүйесі (өлшемдері мен көрсеткіштері)); *нәтижелік-бағалаушылық* (кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың технологиялары, әдістері мен құралдары) бөліктерден тұратын модельге сәйкес жүзеге асырылады.

3 Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру үшін «Кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру» модульдік бағдарламасын бірізділікпен жүйелі жүзеге асыру қажет: кіші мектеп жасындағы оқушылардың өзінің оқу іс-әрекетін басқару негіздерін меңгерту; танымдық іс-әрекетте оқушылардың субъектілігін белсендірудің тиімді әдістері мен амалдарын оқу үдерісіне ендіру; аталған біліктерді қалыптастыру үдерісіне педагогтар мен ата-аналарды қатыстыру (осы үдеріске мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық даярлығын көтеру, бастауыш сынып мұғалімдері мен ата-аналардың ынтымақтастық іс-әрекеті); кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастырудың бір жолы тұрғысынан басқарушылық сипаттағы міндеттерді шешуге мүмкіндік тудыратын олардың сабақтан тыс іс-әрекеттерін көбейту.

Теориялық және эксперимент жұмыстарының нәтижелері белгіленген болжам мен қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

Жүргізілген зерттеу іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарланған, құзыреттілік тәсілдер аясында оқушылардың оқу әрекетін оңтайландыру мәселесін шешуге жаңа бағыттарды ашады.

Зерттеу проблемасы күрделі және көп шешімді болып табылатындықтан оның жалғасын табу қажеттілігі туындайды. Біз зерттеудің

перспективасын орта буын оқушыларының басқару біліктерін қалыптастыру, жоғары сынып оқушыларының басқару біліктерін қалыптастыру, кіші мектеп жасындағы оқушылардың басқару біліктерін қалыптастыру мен дамытуда формальды, формальды емес білім беру технологияларын кіріктіру және т.б. мәселелердің зерттелуі қажеттілігімен байланыстырамыз.

**Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы.** Негізгі зерттеу нәтижелері халықаралық конференция материалдарында жарияланды: «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» (Алматы, 2014); «Біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы – болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының негізі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2014); «Заманауи әлемде үздіксіз педагогикалық білім беру: зерттеушілік ізденістен өнімді шешімге. Білім беру және кәсіби стандарттарды ендіру жағдайында ЖОО-ғы білім беру үдерісі» (Санкт-Петербург, 2015); «Үздіксіз кәсіби білім беру: теориясы және тәжірибесі» (Новосибирск, 2016).

**Жрияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың мазмұны 9 еңбекте жарық көрді. Оның 3-еуі – Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда; 2-еуі – Scopus мәліметтер базасына енген, ғылыми басылымда, 4-еуі – халықаралық конференциялар (2-еуі – шетелдік конференциялар) материалдарында жарық көрді.

**Диссертацияның көлемі мен құрылымы:** диссертация кіріспеден, екі бөлімнен (28-кесте, 21-сурет), қорытындыдан, 152 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 12 қосымшадан тұрады.